

**Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің тарифтік-біліктілік бірыңғай анықтамалығы мен Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 14 қантар N 12

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 13 қантарда Саратов қаласында жасалған Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің тарифтік-біліктілік бірыңғай анықтамалығы мен Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

**Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің тарифтік-біліктілік бірыңғай анықтамалығы мен Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын қолдану жөніндегі**

**ынтымақтастық**

**тұралы**

**КЕЛІСІМ**

Осы Келісімге қатысушы-мемлекеттердің Үкіметтері (бұдан әрі - Тараптар), қызметкерлерді, олардың еңбек қызметін атқаруы кезінде әлеуметтік қорғаудың маңызын тәни отырып, отырып,

еңбек қызметі мәселелерін реттеудің қажеттігін түсіне отырып және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттерде еңбек жөнінде бірыңғай нормативтік база құруға үмтыта отырып,

адам құқықтары саласындағы БҰҰ-ның негіз қалаушы құжаттары мен Халықаралық еңбек үйімі шенберінде әзірленген адам құқықтары мен қағидаттарын үстенуға орай,

құрылатын ортақ еңбек рыногы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің мұдделері мен белгілі бір жұмыс берушілер мен қызметкерлер мұдделерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететінін атап көрсете отырып,

жұмыспен қамтуды, еңбекшілердің әлеуметтік және кәсіптік-құқықтық кепілдіктерін, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыруды қамтамасыз ету мәселелеріндегі Тараптардың өзара іс-қимылдарын жақсарту мақсатында төмендегі туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісім қызметкерлердің Тараптар кәсіпорындарында, мекемелері мен үйымдарында (Бұдан әрі - кәсіпорындар) еңбек қызметін атқару кезінде, меншік нысанына қарамастан, Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің тарифтік-біліктілік бірыңғай анықтамалығы (бұдан әрі - БТБА) мен Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын (БА) қолдану саласындағы тараптар ынтымақтастырының негізгі бағыттарын реттейді.

## **2-бап**

Тараптар тиісті ұлттық органдарға БТБА мен БА енетін жұмыстардың, кәсіптер мен лауазымдардың атаулары негізінде Жұмысшылар кәсіптері мен қызметшілер лауазымдарының мемлекетаралық сыныптауышын (бұдан әрі - Мемлекетаралық сыныптауышын) бірге әзірлеуді тапсырады.

## **3-бап**

Тараптар Мемлекетаралық сыныптауыштың жұмысшылар кәсіптері мен қызметшілер лауазымдары атауларының, кәсіптік біліктілікке және кәсіпорын қызметкерлерінің білім деңгейіне қойылатын талаптарды біркелкі ету мақсатында қолданылуын қамтамасыз етеді.

## **4-бап**

Мемлекетаралық сыныптауышты бекіту, Мемлекетаралық сыныптауышқа енгізілетін жұмысшылар кәсіптері мен қызметшілер лауазымдары атауларын енгізу және алып тастау туралы шешімді Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің еңбек, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі Консультативтік кенесі (бұдан әрі - Консультативтік кенес) қабылдайды.

## **5-бап**

Тараптар Мемлекетаралық сыныптауышты құру, БТБА мен БА тарифтік-біліктілік және біліктілік сипаттамаларын әзірлеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыруға міндеттеді.

Көрсетілген іс-шараларды қаржыландырудың көлемін, тәртібі мен шарттарын тараптардың өкілетті органдары белгілейді.

## **6-бап**

Достастыққа қатысушы-мемлекеттерде заңды тұратын және жұмыс істейтін кәсіпорындар қызметкерлерінің жоғарғы кәсіптік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында, Тараптар осы келісімді қолданатын қатысушы-мемлекеттердегі кадрларды даярлау мен біліктілікке иелендірудің білім стандарттарына қойылатын салыстырмалы талаптарды белгілейді.

## **7-бап**

Тараптар тиісті ұлттық органдарға олардың мемлекеттеріндегі жұмысшылар кәсіптері мен қызметшілер лауазымдарын атау тәртібіне талдау жүргізуі тапсырады және қажетті жағдайларда аталған саладағы ұлттық нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөнінде шаралар қабылдайды.

## **8-бап**

Еңбек қызметін растайтын құжаттарда, жұмысшылар кәсіптері мен қызметшілер лауазымдарының атауларын жазу БТБА, БА және Мемлекетаралық сыныптауышқа сәйкес қызметкер тұрақты тұратын мемлекеттің тілінде, осы мемлекеттің тілдер туралы заңына

с а й

жүргізіледі.

Тұрақты тұратын мемлекеттің аумағынан тыс еңбек қызметін жүзеге асыратын адам үшін оның еңбек стажын растайтын құжат еңбек қызметін растайтын және тұрақты тұратын мемлекеттің аумағында қолданылатын құжаттың (орыс тіліндегі) нотариалды куәландырылған көшірмесі болып табылады.

## **9-бап**

Әр Тарап БТБА, БА және Мемлекетаралық сыныптауышты өз мемлекетінің еңбек заңдарына сәйкес қолданады.

## **10-бап**

Тараптар өз мемлекетінің тиісті органдарына осы Келісімді іске асыру үшін жасалып жатқан нақты шаралар туралы Консультативтік Кеңеске ақпарат беруді тапсырады.

## **11-бап**

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың жалпы келісімімен

енгізіле алады.

Өзгерістер мен толықтырулар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамаларымен ресімделеді және осы Келісімнің 13-бабында көзделген тәртіpte күшіне енеді.

## **12-бап**

Осы Келісімді қолдануға немесе талқылауға қатысты даулы мәселелер мұдделі Тараптар консультациялары мен келіссөздері арқылы шешіледі.

## **13-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап ал қатысуши-мемлекеттер үшін заңнамасы күшіне ену үшін қажет мемлекет ішіндегі процедуралардың орындалуын талап ететін -, тиісті құжаттарды депозитарийге берген күнінен бастап күшіне енеді.

## **14-бап**

Осы Келісім оның мақсаттары мен принциптерін бөлісетін басқа мемлекеттер қосылу үшін, осындағы қосылу туралы құжаттарды депозитарийге беру жолымен ашық.

## **15-бап**

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бес жыл ішінде қолданылады. Осы мерзім аяқталғаннан кейін, егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса Келісім автоматты тұрде әр жыл сайын бір жылға ұзартылып отырады.

## **16-бап**

Әр Тарап осы Келісімнен шығардан кемінде алты ай бүрын депозитарийге ол туралы жазбаша хабарлама жасап шыға алады.

Саратов қаласында 1999 жылғы 13 қаңтарда орыс тілінде бір түпнұсқада жасалды. Түпнұсқа Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Хатшылығында сақталуда, ол осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзіrbайжан Республикасының

Үкіметі үшін

Армян Республикасының

Үкіметі үшін

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Грузия Республикасының

Үкімет үшін

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Мoldova Республикасының

Үкіметі үшін

Rесей Федерациясының

Үкіметі үшін

Tәжіkstan Республикасының

Үкіметі үшін

Tүріkменstan Республикасының

Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Украин Республикасының

Үкіметі үшін

Қоса беріліп отырған мәтін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтері басшыларының Кенесі атынан құжаттардың жекелеген жобалары туралы түпкілікті шешім қабылдау өкілеттігін Москва қаласы, 1998 жылғы 25 қарашадағы Экономикалық одақтың Халықаралық экономикалық Комитеті Президиумына беру туралы Шешімді орындау үшін Саратов қаласында 1999 жылғы 13 қаңтарда қабылданған Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің тарифтік-біліктілік бірыңғай анықтамалығы мен Қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын қолдану жөніндегі ынтымақтастық туралы Келісімнің түпнұсқалық көшірмесі екендігін растаймын.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

Атқарушы хатшысының

Бірінші орынбасары